

Қоңыршәулі ауылдық округі елді мекенінің ұсақ мүйізді малдары бруцеллез індетінен сауықтырылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қоңыршәулі ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 10 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8-тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қоңыршәулі ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Үржар аудандық аумақтық инспекциясы бастығының 2015 жылдың 16 қарашадағы № 380 ұсынысына сәйкес, Қоңыршәулі ауылдық округі елді мекенінің ұсақ мүйізді малдары бруцеллез індетінен сауықтырылды деп танылсын.

2. Күші жойылды деп есептелсін:

1) Қоңыршәулі ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 09 маусымдағы № 3 шешімі " Қоңыршәулі ауылдық округінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылдың 09 шілдедегі № 3394, аудандық "Уақыт тынысы" газетінің 2014 жылғы 28 шілдедегі № 89 санында жарияланған).

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

*Қоңыршәулі ауылдық
округінің әкімі*

А. Жунусов